



«Жалпы білім беретін Шахта мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы бойынша мектепшілік
бақылаудың жарты жылдық есебі

Тәрбие жұмысының дұрыс жүргізілуін бақылаудың нәтижесі	Құжаттық	Г.Тлепова М.Утигалиева	ДЖК «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша жылдық жоспар жасақталды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығымен бекітілген, білім беруді ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды жоспарлау бойынша ғылыми ұсыныстар негізінде әзірленген «Тоғыз айға 9 іс-шара» жоспарына сәйкес жұртшылықпен қыркүйек айында «Сергіту сәті».
Сынып жетекшілер құжаттамасының жүргізілуі	Құжаттық	Г.Тлепова М.Утигалиева	ДЖК 2023-2024 оқу жылы бойынша 35 сынып жетекші 0-11 сыныптар бойынша жұмыс жасап

			жатыр. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша жылдық жоспар жасақталды. «Талап» , «Ар-ұят» , «Ұлттық мүдде» бойынша тәрбие жоспарпы жасақталып , бекітілді.
«Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқушыларды кітап оқуға тарту жұмыстарының ұйымдастырылу деңгейі	Құжаттық	А.Жамиева М.Утеғалиева	ПК «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Поэзия менімен егізбе едің?» тақырыбында 7-8 сыныптарда мәнерлеп оқу сайысы өтті. Оқушылардың тілдік және оқу сауаттылығын дамыту, түсінік қалыптастыру. Оқушылар М.Мақатаевтың «Шеше, сен бақыттысың жыламағын!» ,Абайдың қара сөздерін, «Мен жазбаймын өлеңлі ермек үшін!» өлеңдерін шеберлікпен мәнерлеп орынды «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітап мекені - кітапхана» тақырыбында 1-2 сынып оқушылары мектеп кітапханасына саяхат жасады. Мектеп кітапханашысы Есбосынова.Р оқушыларды кітап әлеміне құштар болуға шақырды. Бүгінгі таңда жас ұрпақты кітап оқуға баулуды түрлі іс шаралар арқылы жүзеге асыру,

			сірет, ойын көмегімен баланың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, яғни балаларға арналған түрлі іс шаралар «Мен оқығанды ұнатамын» 15 минут үзілісте кітап оқу, «Кім тапқыр» ойыны жұмбақ жасыру, мақал жалғастыру, «Ертегілер әлеміне саяхат» сайысы, «Ізден, талаптан оқырман» әдеби джем ойыны, «Желтоқсан жаңғырығы» кітап көрмесі, «Өзің оқы да, өзгеге ұсын» кітап алмасу шарасы өткізілді.
«Жеткіншектің жеті жарғысы » жобасы шеңберінде жүргізілген тәрбие бағытындағы бағдарлау жұмыстарының жайы. Спорт секциялары мен үйірме жұмыстарының, жүргізілу деңгейі	Құжаттық	Г.Тлепова М.Утегалиева	ПК «Асық ату» ойыны – қазақ халқының ежелгі өте кең тараған ұлттық ойын түрлерінің бірі. Мектебімізде асық үйрету жұмысы, үздіксіз жүріп отырады. Мақсаты: Ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырту, бабаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп, қызығушылық ояту. Қазан айында 1 қазан «Қазыналы қарттарымыз аман жүрсін» тақырыбында 10 сыныптар арасында эссе жазу байқауы өтті. Байқауды қазақ тілі

			пәні мұғалімі Қарабасова Гүлнар өткізді.Эссеге 26 оқушы қатысты. Мақсаты: Оқушылардыңой-өрісін дамыту, үлкенге қызмет көрсете білу, өз ойын толық айқын жеткізуіне ықпал жасау 25 қазан «Республика күніне» орай 5 сыныптар арасында «Қазақстаным байтақ мекенім!» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы өтті.Байқаудың мақсаты оқушылардың бойына патриоттық сезімді қалыптастыру «Тәрбиенің бір тұтас бағдарламасы» негізінде мектептегі «Өзін-өзі басқаруды», «Дебат», «Оқуға күштар мектеп» , «Таза аула» жобасы аясындағы жұмыстар жоспарға сай жүргіліп отыр.
«Еңбегі адал жас өрен» бала тәрбиесіндегі ата-аналар кеңесінің, әкелер кеңесінің рөлі, жоспарға сай бақылау	Құжаттық	Г.Тлепова	ДЖК «Таза аула» жобасы аясында 8 сыныптар да мектеп ауласына тазалық жұмыстарын ата-аналардың қолдауымен, талдардың

			астын қопсытып, тазалыққа өз үлестерін қосты. Сынып жетекшісі: Нұрбосынов С. «Әкелер мектебі» мүшелерімен кездесіп, «Елін сыйлаған –ер бақытты» тақырыбында кездесу өтті. мектебінде 5-10 сыныптардың қатысуымен “Мейірімділік керуені” тақырыбында қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. "Қайырымдылық пен Мейірімділік -асыл қасиет” екенін оқушылардың бойында сезіндіру. Оқушылар үйлерінен тәтті, дәмді тамақтарды пісіріп алып келіп жәрмеңкеге қатысты. Жәрмеңкеден түскен қаражат қайырымдылыққа жұмсалады. Өткізген мектеп тәлімгері Избенова Гульну 6 «А»,б сынып оқушылары мектеп түлегі, Таушық ауылының әкімі Бақтыбаев Нұржан Бақтыбайұлымен «Менің жетістім-менің
--	--	--	--

			нәтижем» тақырыбында кездесу- сұхбат өткізді. 5-9 сыныптарға «Баланың бас ұстазы –ата-ана» тақырыбында ата- аналармен дөңгелек үстел өткізілді.
1-11 сынып оқушыларының оқу құралдарын тексерудің қорытындысы (Талдау)	Құжаттық	Г.Тлепова М.Утегалиева	ДЖК 1-11 сынып оқушыларының оқу – құралдарын үнемі тексеріліп , бақылауда. Оқушылардың барлығына оқулықтары бар, толық қамтылған. Күнделіктері толық, Күнделік әкелмей жүрген 8 а, 8 ә, 8 б сынып оқушыларына ескерту берілді.
Спорт секциялары мен үйірме жұмыстарының , элективті курстардың жүргізілу деңгейін бақылау	Құжаттық	Г.Тлепова М.Утегалиева	ДЖК Үйірме жұмысы ЖББ Шахта мектебінде мектеп жанынан ұйымдастырылған 21 үйірме бар. Үйірмеге- 653 оқушы қамтылып отыр.Үйірме оқушыларға тілдік бағытта, дебат клубы, балалар театры, экологиялық және туристік-өлкетану бағытында қосымша білімдерін кеңейту мақсатында жұмыс жасап жатыр. Сонымен бірге

			спорттық үйірмелер мен ұлттық ойындар үйретумен айналасып отырған 11 үйірме өз жұмыстарын жүргізіп отыр. Мектебімізде 111 оқушы Мұрын Жырау Сеңгірбекұлы атындағы өнер мектебінің “Серпін” аула клубындағы домбыра, би, драма, зияткерлік ойындар үйірмелеріне қатысады.
«Үйірменің үйретері көп» дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің үйірме сабақтарының берілуі	Құжаттық	М.Утеғалиева Г.Ығылымова	ДЖК Күзгі демалыс уақытында Тоғызқұмалақ ойлау қабілетті шыңдайды. (4 сынып оқушыларының арасында сайыс) өтті. Жетекші : Мұратова М. «Теннис» ойнап үйренейік! 7 -8 сыныптар арасында сайыс өтті. Жетекші: Табылғанұлы Д. Футболдан мектеп лигасы (5-6 сынып арасында) сайыс өтті. Жетекші : Нұрбосынов С. «Денсаулық сақтаудың 6 шарты» Оқушылар мен олардың атта-аналары арасында сайыстар. 8 сыныптар

			арасында ата – аналармен сайыс өтті. Жетекші : Ығылымова Г.
Ұлдар мен қыздар кеңестерінің жұмысы туралы	Құжаттық	М.Утегалиева	ДЖК Мектептегі 7-8-9-10-11 сынып ер

			балалары мен қыз балалары арасында мектеп ДТЖО мен қыздар ұйымы кеңесінің және ұлдар ұйымы кеңесімен бірлескен жұмыстар атқарылды. Аудандық ішкі істер бөлімі , кәмелетке толмағандармен бөлімі қызметкері Г.Чулдаковамен, ауыл инспекторы А.Анетовпен кездесу өтті. Оқушыларға сабақтан себепсіз қалмау, электронды темекі жөнінде, жол-көлік оқиғасы туралы түсінік жұмыстары жүргізілді. Ауыл емханасының бас дәрігері Ғ.Шаудирбаевпен кездесу өтіп ағай оқушыларға нашақорлықтың зиянды жолдары тақырыбында лекция оқыды.
--	--	--	--

ДТЖО :  Утигалиева М. Тлепова Г 